



Ақмешіт

24 ақпан
сенбі

№16 (2026)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



Тәуелсіздік алғанына
30 жылдан асқан
Қазақстанның өз құпиясы
өзіне жетіп артылады. Сол
себепті де келмеске кеткен
Кенес үкіметіндегі құпияларды
сақтаудың маңыздылығы азая
түскен. Қазір тіпті құпия деуге
де келмейді. Сол кезде ешкімге
айтуға болмайды деген әскери
тапсырмаларды орындағандар
қазір арамызда жүр. Соның
бірі – Шиели ауданының
тумасы Бекембаев Ізтай
Әбдіғаппарұлы. Ол – әскерде
жүргенде ерекше тапсырма
орындаған қазақтың бірі.



ВЛАДИВОСТОК-ТАЙВАНЬ: МҮХИТТАҒЫ ТАПСЫРМА

ТАЙВАНЬДА
ЖОҒАЛҒАН КЕМЕ

Кенес үкіметінің тұсында талай құпия әскери
тапсырма орындалғаны белгілі. Оның басым бөлігі
әлі күнге дейін құпия күйінде сақталған. Ашығын
айтқанда, «жабулы қазан жабулы күйінде тұр». Әйтсе де
сол «жабық қазанның» қақпағынан саңылау табылып,
құпия деген кейбір ақпараттың шеті ашыла бастағаны
жасырын емес.

2-БЕТТЕ

Мира ҚАЗБЕКОВА,
облыстық мәдениет, архивтер
және құжаттама басқармасының
басшысы:

«РУХАНИЯТ ЖЫЛЫНДА» МӘДЕНИ ШАРА ҒАНА ЕМЕС, АУҚЫМДЫ ЖОБА ДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ




3-БЕТТЕ

Ескі көліктерді айдауға тыйым салынады деген хабар шыққалы көп адамнан маза қашты. Мазасы қашпағанда қайтсін, жанасын алайын десе қалтасы көтермейді. Қазір қарапайым жұрттың несие берешегі алатын айлығынан асып кеткен. Айлығы шайлығына жетпейтіндер ескі көлікке әрең қол жеткізгенде оның өзін «айдатпайын» деп жатыр.

КӨЛІГІҢ ЕСКІ ДЕП ЕСІНДІ ШЫҒАРМАСЫН...



«Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне» тиісті өзгеріс енгізуді көздеп отыр. Қазіргі қарқындарына қарағанда ескі көліктерді жүргізу деген сөздің шындыққа айналатын түрі бар. Нақтырақ жазатын болсақ, қолданыстағы кодекстің 797-бабында жазылған «тыйым салудың себептері жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу» деген бөлігі енді аталған экологиялық талапқа да қолданылатын болады.



ЗАҢ ЖОБАСЫН КІМ ДАЙЫНДАДЫ?

Ескі көлікті айдатпайды деген сөздің шындыққа жанаспауы да мүмкін. Қауесет болуы да ғажап емес. Өйткені тиісті заң әлі қабылданған жоқ. Үкімет әзірледі, депутаттар әлі қарап жатыр. Әйтсе де «жел тұрмаса қамыстың басы қимылдамайтын» естен шығармау керек. Ұлттық экономика министрлігі ескі көліктерді айдауға тыйым салатын заң жобасын әзірлеп те қойды. Заң жобасын дайындау

үшін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен көрінеді. Нәтижесінде «Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне» тиісті өзгеріс енгізуді көздеп отыр. Қазіргі қарқындарына қарағанда ескі көліктерді жүргізу деген сөздің шындыққа айналатын түрі бар. Нақтырақ жазатын болсақ, қолданыстағы кодекстің 797-бабында жазылған «тыйым салудың себептері жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін алып қою арқылы көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу» деген бөлігі енді аталған экологиялық талапқа да қолданылатын болады.

– Осылайша, қолданыстағы әкімшілік жаза қатайтылуға. Нәтижесінде, пайдаланылған газдардағы зиянды заттардың

мөлшері жоғары көлік құралын эксплуатациялауға – сол бұзушылық толық жойылғанға дейін тыйым салынады. Бұл тыйым, бұзушылық тіркеле сала, бірден күшіне енеді. Әйтпесе, қолданыстағы редакцияда мемлекеттік нөмірлік белгілерді алып қоюға тек құқық бұзушылық бірнеше рет жасалса, бір жыл ішінде қайталанса ғана рұқсат етіледі. Жаңа талапты Қазақстандағы барлық жеке тұлғаға, сондай-ақ меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан барлық заңды тұлғаға қатысты енгізу ұсынылады, – деп түсіндірді министрлік сарапшылары.

2-БЕТТЕ

ҚҰЛДЫҚТА ЖҮРГЕНДЕР АЗ ЕМЕС



Қазақстанның 200-ге жуық азаматы Мьянма мен Лаоста еңбек құлдығына түскен. Адам шошырлық ақпаратты Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров мәлім етті.

Соңғы 2 жылда Таиландпен шекарада орналасқан Мьянма мен Лаоста 200-ге жуық Қазақстан азаматы еңбек құлдығына түскен. Бұл «пәлен жерде алтын бар дегенге сенбе, барсаң бақыр да жоқ» дегенді айғақтап тұрғандай. Өйткені бұл елдерге қобіне аудармашы боламыз деп барып, сан соғып қалғандар аз емес. БАҚ-та екі жігітіміздің еңбек құлдығынан қалай қашып құтылғаны туралы ақпарат та кеңінен тарайды. Мемлекет те қарап қалып жатқан жоқ. Елшіліктің жәрдемімен 28 азамат құлдықтан құтқарылған.

– Елшіліктің жәрдемімен Мьянма мен Лаос аумағында 28 қазақстандық құлдықтан шығарылды. Сондай-ақ 60-қа жуық Қазақстан азаматы елшілікке жүгінбей өз күшімен елге оралды. Қазір жоғарыда аталған елдің аумағында 100-ге жуық қазақстандық еңбек құлдығында отыр деген ақпарат бар, – деді ресми өкіл Сыртқы істер министрлігінде өткен баспасөз мәслихатында.

Соңғы ақпараттарды екшейтін болсақ, Таиландта құлдыққа жүрген тағы екі отандасмыз құтқарылған. Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияровтың айтуынша, қаңтардың соңында Қазақстанның Таиландтағы консулының

WhatsApp мессенджерінде қазақстандық әйелдің еңбек құлдығында жүргені туралы хабарлама түскен.

Министрлік бірден жұмысқа кірісіп, көмек сұраған екі отандасмызды құтқарудың қамын жасаған. Қарсы тарап қыздардың әрқайсысының бостандығы үшін 10 мың доллардан талап еткен көрінеді. Тіпті қыз болса жезөкшелік, жігіт болса ағзаларын сату деген шарттар да қойған.

– Ол көмек сұрап, оны ол жерден алып кетуді сұраған. Жергілікті билікпен байланыса отырып, екі азаматымыздың еңбек құлдығында жүргенін анықтадық. Біз бар күшімізді салып, бір ай бойы келіссөз жүргіздік, азаматтарымызды құтқардық. Қазір олар Қазақстанға ұшып келе жатыр. Олардың бірі – Алматыдан, екіншісі – Ақтөбеден, – деді Смадияров.

Екі қыз да ғаламтор арқылы Таиландқа жұмыс іздеп барған. Екі ару да жоғары білімді әрі бірнеше тіл біледі.

XXI ғасырда құл болу деген сөз маскара ғой. Әйтсе де «біздің елге келіп жұмыс істесең, пәлен ақша төлейміз» деп алдап шақырып, қаншама жанды тұзағына түсіретіндер аз болмай тұр. Шетелге барып, пайдаға кенелемін, мол байлыққа қарық боламын дейтіндер осындайларға тап болып жатқан көрінеді. Ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенсек, мұндай алаяқтыққа оқыған, тіл білетін азаматтар ұрынып жатыр.

А.БЕК

Әлсізге заңмен қорған болар кез келді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдің, жауыздардың тырнағына іліккен баланың құқығын қорғайтын заң Мәжіліс қабырғасында мақұлданды.

ӘЛСІЗДІҢ ҚОРҒАНЫ БОЛАР ҚҰЖАТ

Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған заң қабылдана, әйеліне қол көтергендер 8 жылға, педофилдер өмір бойы бас бостандығынан айырылады. Жалпы қоғамда әлсіз топтың – әйел мен баланың жөбі көрін келе жатқанын тізбектеп жату-дың қажеті жоқ. Себебі күн сайын жөбі көрген әйел, жылаған баланың жайы туралы жан түршігерлік ақпарат аз емес. Бұл әлі де қоғамның бітеу жарасы болып тұрғаны анық. Мәжіліс мақұлдаған заң қабылдана, әлсізге күш көрсеткіш «батырларға» жаза қатаң болмақ. Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова жаңа заңда адам денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіргендер 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал суицидке дейін жеткізсе 5 жылдан 9 жылға дейін қамауға алынатынын айтады.

– Заң жобаларының бірнеше маңызды аспектілеріне тоқталар болсақ, осы жерде бір мәселеге баршаның назарларыңызды аударғым келеді, бұл заң тек әйел немесе бала құқығын қорғаумен қатар, барлық құқығы бұзылған, денсаулықтарына қасақана зиян келтірілген және ұрып-соғуға тап болған барлық азаматтың құқығын қорғауға бағытталды. Негізгі мақсат – құқық бұзушылықтар

болмауы үшін, азаматтардың жауапкершілігін күшейту. Жаңа редакцияда денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені үшін 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылды. Сонымен қатар жаңа редакцияда денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіргені үшін 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылды, – деді ол.

Сондай-ақ жаңа заң бойынша енді ашуын баладан алатын, баланы ұрып-соғатын ата-ананың да жауапкершілігі қаралмақ. Мұндағы мақсат – заң аясында отбасы институтын нығайту басты назарға алынбақ.

Жаңа заң бойынша енді жас баланың өмірін қиғандар немесе педофилдерге өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Сонымен қатар суицидті

насихаттағаны үшін 200 АЕК (738 400 теңге) мөлшерінде айыппұл түрінде жаңа қылмыстық жауапкершілік енгізіліп отыр. Кәмелетке толмаған баланы қорқыту және кибербуллинг үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі (10 АЕК айыппұл салынады). Сондай-ақ кәмелетке толмағандарды мәжбүрлеп қоғамдық орындарға кіргендерге қолдануға болмайды.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ



КӨЛІГІҢ ЕСКІ ДЕП ЕСІҢДІ ШЫҒАРМАСЫН...

Заң жобасына байланысты экология министрлігі де мәлімдеме жасапты. Министрліктегілердің айтуынша, жаңа талап көлік иелерін тәртіпке келтіріп, жөнге салады екен.

Жаңа талап авто иелерін тәртіпке келтіріп, жөнге салады. Көлігіне уақытылы жөндеу жүргізіп тұруға ықпал етеді. Ал қолданылып жүрген «ескерту» түріндегі жауапкершілік тиімсіздігін паш етті. Бұзушылықтардың жойылуына ол пәрменді ықпал етпейді. Салдарынан, автокөліктер атмосфералық ауаны ластайтын негізгі көздердің біріне айналып кетті. Көлігі көп ірі қалаларымызда ауадағы аэрозольдердің шоғырлану көрсеткіші қалыптағыдан 10 есе жоғары, газдар 25 есе көп. Соның ішінде автомобильдердің газбен ластануы үлесі 60-70 пайызға дейін барады. Алматы қаласында ауаға түсетін зиянды заттардың жалпы көлемінің 80-90 пайызы көліктерге тиесілі, – деп мәлім етті экология министрлігіндегілер.

РЕЙД ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Ескі көліктерге байланысты тексеріс қалай жүреді? Мүмкін арнайы рейд бола ма? Оны кім немесе қай орган жүргізеді? Дәл қазір ескі көліктердің жайы сөз бола қалса осы типтегі сұрақтардың жауатыны жасырын емес. Қолда бар ақпараттарға сүйенсек, республикамыздың әр аймағында жергілікті экология органдарының мамандары мен полициялар көшелерді аралап, жол бойында тұрақты рейдтер жүргізеді екен. Бұған «меморгандардың бақылау-қадағалау іс-шаралары» деген атау

Басы 1-бетте


да қойып үлгеріпті. Мамандар рейд барысында әртүрлі автокөліктер – жеңіл автомобильдер, автобустар, жүк көліктері және басқасы тоқтатылып, газоанализатор, тахометр және басқа аспаптардың көмегімен машинаның шығарынды газдары өлшенеді дейді. Тексеру қорытындысында ауаны ластау көрсеткіші рұқсат етілген нормалардан асса, дереу көліктің мемлекеттік нөмірі тәркіленеді әрі ондай машинаны пайдалануға тыйым салынады.

Автоарашы Сергей Зориннің ақпарат көздеріндегі пікірінде ерте ме, кеш пе, үкімет мұндай қатаң шараларға бәрібір баратыны айтылған.

– Бұл – әлемдік тенденция. Ескі көлікті пайдалану тиімсіз бола береді. Мысалы, болашақта көлік салығын машинаның қозғалтқышының қуатына қарай емес, оның экологиялық класына, яғни қоршаған ортаны ластауына қарай есептеу туралы ұсыныстар айтылып жүр. Тиісінше, көлік неғұрлым жаңа, экологиялық таза болса, салығы да аз болар еді. Жұрт та жаңасына ұмтылар еді. Бүгінде Еуропада парник газдарына да салық енгізілген. Бұл адамдарды барынша үнемді, шағын, экологиялық «темір тұлпарды» ертеп мінуге ынталандырады. Естүімше, Үкімет шығарынды газдарында ластаушы заттары нормативтен асатын көліктерді пайдалану үшін айыппұл көлемін де еселеп арттырғалы жатыр, – дейді С.Зорин.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Статистикалық деректерді алға тарту үшін БАҚ-та жарияланған Бас прокуратураның Құқық-тық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі



к о -

минеті мен Ұлт-тық статистика бюросының дерегіне сүйенгенді жөн көрдік.

Санмен айтатын болсақ, Қазақстанда жалпы саны 5 млн 260 мың 636 көлік бар екен. Нақтырақ айтқанда, 4 млн 631 мың 301 жеңіл автомобиль, 538 мың 887 жүк көлігі және 110 мың 448 автобус бар.

Бас прокуратураның Құқық-тық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің дерегіне, Әкімшілік кодекстің «Шығарындыларда ластаушы заттардың болу нормативтерінен асыра отырып, автомотокөлік құралдары мен басқа да жылжымалы құралдарды пайдалану» деп аталатын 334-бабы аясында 2020 жылы 7849 әкімшілік іс қозғалса, соның 6570 жағдайында ескерту ғана жасалған. 2021 жылы 26600 әкімшілік іс қозғалып, 20412 көлік иесіне ескерту берілген. 2022 жылы 26 643 әкімшілік іс ашылып, 21 751 жағдайда ескерту жасаумен іс біткен. Өткен жылғы көрсеткіш те осыған ұқсас болатын түрі бар.

Бас прокуратураның мәліметіне қарағанда ескі көліктерге байланысты құқық бұзушылықтар саны тұрақты түрде өсіп, статистика нашарлап келеді. Оның үстіне Қазақстандағы автопарк ескіріп келеді. Демек жағдайды реттесе

болмайды.

Заң өзгеріп жатса, полицияға бірінші қолға

түскенде-ақ ауа ластаушы көліктің мемлекеттік нөмірін алып қоюға құзырет беріледі. Бұл жүргізушілер енді өзіне ескертілген ақауларды дұрыстамайынша көлік тізгінде алмайды деген сөз. Мамандар көліктің де фильтрі немесе катализаторын тазартпаса не ауыстырмаса болмайды деп отыр. Жаңа заң қабылдана рұқсаты жоқ көлікті айдағандарға 1,4 млн теңгелік айыппұл салынуы мүмкін. Дәлірек айтқанда, зиянды газды көп бөлетін автокөлікті немесе басқа да жылжымалы құралдарды пайдаланған жағдайда жеке тұлғаға 10 айлық есептік көрсеткіш, шағын кәсіпкерге не коммерциялық емес ұйымға 50 АЕК, орта кәсіпкерлік нысанына 100, ірі кәсіпкерлік нысанына 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салу көзделген. Биыл бір айлық есептік көрсеткіштің 36920 теңге екенін еске сала кетейік.

Ұлттық статистика бюросының маманы Байбек Қуандықовтың сөзінше, еліміздегі көліктің басым бөлігі ескі екен.

ОСЫ КӨЛІКПЕН КҮН КӨРІП ОТЫРМЫН

– Елімізде жалпы тіркелген автокөліктердің 46 пайызы 20 жылдан асқан, 10 жылдан асқан автокөлік 24 пайыз да 2020 жылдан кейін шыққан автокөліктер 6 пайызды құрайды, – дейді Ұлттық статистика бюросының маманы.

Азамат Талғатұлы (өтініші бойынша аты-жөні өзгертілді) – Қызылорда қаласының тұрғыны. Ол қаладағы құрылыс тауарларын сататын «Сығанақ» базарында ескі көлігімен такси болып жүр. Мінгені – Волга. Аппак Волганың төбесіне арнайы жүксалғыш орнатқан. Осы көлігіне ағаш та салады, цемент те тасиды. Азамат отбасын осылай асырап отырғанын жеткізді.

– Несін жасырамыз, отбасымды осы Волгамен асырап отырмын. Құрылыс заттарын тасимын. Өзі күшті көлік қой. Не салсаң да көтереді. Тек сыйса болды. Енді ескі деп мұндай машиналарды жүргізбейтін болса, не істейтінімізді білмеймін. Полиция қызметкерлері көлігің ескі деп есімізді шығармаса жарар еді. Үкімет орнына жанасын берсе, мүмкін жанасын алуға жағдай жасаса жақсы болар еді. Қайткенмен бір үйлі жан осыған қарап отыр, – деді ақтарыла.

P.S. Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлы «Ескі көлікті пайдалануға біз қалай келеріміз жасаймыз. Біз қалай оған тоқтам жасауымыз керек. Мүлдем ақылға қонбайтын нәрсе ғой. Азаматтарға жаңа көлік алуға жағдай жасамасақ, ескі көлікті қалай пайдаланба дейміз», – деген пікір білдірді. Халық қалаулысының сөзінің жаны бар. Өйтсе де бұл заңның қабылданар-қабылданбасы белгісіз. Дегенмен үкіметтің заңды әзірлеп, іске кіріскенін ұмытпау керек.

Әзіз ЖУМАДІЛДӘУЛЫ

АЯҚСУ ШЕШІМІН ТАБАДЫ



Биыл қалада бірқатар көшелерге жарық жүргізіледі. Бұл туралы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнібек Файзуллаев БАҚ өкілдеріне берген брифингте айтты.

– Жол инфрақұрылымын дамыту бағытында өткен жылы 267 көшеге түрлі жөндеу жүргізіліп, 19 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынса, биыл 50 көше жөндеуден өтеді. Бұдан бөлек, Жаппасбай батыр, Қожа Ахмет Ясауи, Көшербаев көшелері 4 жолаққа кеңейтіледі. Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылына дейін жаңадан жол салынады. Сонымен қатар 47 көшеге жаяу жүргіншілер жолы түседі, 54 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылады, 21 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ 19 көпқабатты тұрғын үйдің ауласы абаттандырылып, 16 үйдің қасбеті жаңартылады, – деді Жәнібек Исламұлы.

Қала аумағындағы 52 көшеге жарық бағанасын орнату үшін жоба-сметалық құжатты әзірленген. Республикалық бюджеттен 100 млн теңге бөлініп, мердігер компаниямен келісімшарт жасалған. Жарықтандыру барысында мектеп, оқу орнына жақын көшеге басымдық беріледі.

Өткен жылы көпір құрылысы бойынша ауқымды жобалар жүзеге асқаны белгілі.

Атап айтқанда, Белкөл кенті, Мұратбаев және Ясауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргінші көпірі, Қызылжарма арнасы арқылы «Бәйтерек» шағын ауданына көлік пен жаяу жүргіншіге арналған көпір пайдалануға берілді.

Халықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында 2022 жылы 150 жаңа автобус сатып алынса, өткен жылы тағы 50 үлкен сыйымдылықтағы көлік қалалық және қала маңындағы бағыттарға қосылған. Осы жылы жоспарланған 100 жаңа автобустың 70-і өткен аптада халық игілігіне пайдалануға берілген.

– Биыл жаңадан «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылды. Бұл мекеме тікелей қаланы жақсарту мақсатында ету қорғалдыру жұмысымен айналысады. Нәтижесінде алдағы уақытта облыс орталығын қорғалдыру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асады, – деп қорытындылады бөлім басшысы Ж.Файзуллаев.

Марина САГИДАТБЕК

Жақында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде жүлдегер атанған оқушылар марапатталды. Салтанатты жиынға қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Боданов және қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы қатысып, жеңімпаздарды құттықтады.

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАНДАР

– Бүгінгі жеңімпаздар артылар жүздің жауапкершілігін сезініп, алға қарай қадам басуда. Үздіктеріміз аймақ сепімін ақтайды деп ойлаймын. Алдағы кезеңде сәттілік тілеп, оқудағы бастамаларыңыз оңынан болып, алар асуларыңыз көп болсын! Дарынды жас – елдің болашағы, баға жетпес қазынасы. Келешекте егемен еліміздің тарихын аркалап, болашағын айқындайтын дарынды жастар мына сіздер. Қаламыздың абыройын асқақтатып, білімге қосқан үлестеріңізбен мақтанамыз, – деді Ерлан Теңізбайұлы.

Айта кетейік, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 1717 оқушы қатысты. Жұлделі орынға иеленген 604 оқушы мен 595 жетекші марапатталды. Үздік 40



оқушы облыстық кезеңге жоллама марапатталса, ұстаздарға ақшалай сертификат табысталды.

Жұлделер оқушылар қалалық білім бөлімінің арнайы медалмен

M.CAҒИ

Мақаламыздың алқиссасында Ізтай Әбдіғапарұлын ерекше тапсырма орындаған аз қазақтың бірі екенін атап өткенбіз. 1957 жылдың 10 қыркүйегінде өмірге келген кейіпкеріміз 1975-1978 жылдары Кеңес әскерінің құрамындағы Тынық мұхиты флотында Отан алдындағы борышын өтеген. Ізтай ағамыздың өзі әскердегі шағын ерекше шабытпен әңгімелеп берді.

– Мен 1975-1978 жылдары Тынық мұхиты флотында әскери борышымды өтедім. Бақандай үш жыл мұхитта жүрдік. Әскери тапсырмалардан бөлек судағы дауыл мен құйынды еңсеру де оңай емес екен. Әсіресе ашық мұхитта тайфунға төтеп беру қиын. Әскерге енді келгендердің кейбірі шыдай алмай суға секіріп жатады. Сондайда оларды құтқарамын деп жүргенде өзіңнің де аман қалуың неғайбыл. Өйткені тайфунның жолындағысының бәрін жапырып өтетін жойқын күші бар. Офицерлер есік біткеннің барлығын арқан жіппен байлап тастайды. Сыртқа шығу мүмкін болмай қалады. Тайфунның соққысынан кеме шайқалғанда ішіндегі адамдар қоса шайқалады. Ары-бері тоқтаусыз теңіселе берген соң мазан да кетеді, күштің де қалмайды. Әскери тапсырмамен Тайваньға бара жатқанда тайфунға тап болып, дәл осындай жағдайды бастан өткергенбіз, – деді кейіпкеріміз.

Ізтай Әбдіғапарұлының айтуынша, 1976 жылы Тайвань аралының тұсында Тавричанка танкері жоғалып кеткен. Ол кезде теңіз қарақшыларының болатын кезі. Кеме жоғалды деген хабар келгенде іздеу үшін эскадрилья жіберген. Олар құтқару флотының үстінен төрт ер мен бір әйелдің мәйітін тапқан. Жоғалған кеме табылмаған соң 1977 жылдың көктемінде іздеу үшін арнайы топты аттандырады. Ішінде Қызылорданың тумасы Ізтай Бекембаев та бар.

– Жоғалған танкерді іздеу үшін Владивостоктан Тайваньға үш кеме аттандырды. Толық жарактандырылған су көлігінде радист болдым. Үш жарым айдай іздеп, батып кеткен кемеңі таптық. Әскердегі сарбаз болғандықтан оқиганың мән-жайына толық қаныға бермейміз. Флагман кемеді адмиралдан бастап сүңгуірге дейін арнайы мамандар болады. Әркім өз жұмысын істейді. Артық мәлімет айтылмайды. Біз тапқан кеме суға батып кеткен екен. Су түбіндегі орны

Басы 1-бетте



ВЛАДИВОСТОК-ТАЙВАНЬ:

МҰХИТТАҒЫ ТАПСЫРМА

нақтыланған соң, сүңгуірлер іске кіріседі. Есте қалған әскери тапсырманың бірі – осы, – деді Ізтай Әбдіғапарұлы.

СУ ТҮБІНДЕГІ ЯДРОЛЫҚ ЖАРЫЛҒЫШ

Кейіпкеріміз әскерде жүргенде үш бірдей жауынгерлік тапсырма орындаған. Соның бірі деп Қамчаткаға сапарын айтып берді. Тайваньнан келісімен бұларды шұғыл түрде Қамчаткаға аттандырған көрінеді.

– Тайваньнан келгенімізге төрт-ақ күн болған. Қамчаткада атомдық сүңгуір кеме оқу-жаттығу кезінде ядролық жарылғышы бар ракетасын түсіріп алыпты. Су түбіне кеткен зат оңай табыла қойсын ба? Құрал-жабдығымызды асындырып, бізді шұғыл сонда аттандырды. Ядролық жарылғыштың жоғалғанын басқалар білсе, бізден бұрын тауып алуға тырысады. Кеңес үкіметі держава болған соң бәсекелес ел аз емес. Ол кезде Америкамен, Қытаймен арақатынас анау айтқандай мез емес еді. Оның үстіне теңіз қарақшыларының қолына тиісе сойқанды салды дей бер. Бізге Тайваньнан келісімен екінші тапсырманы берудің себебі де

осы болса керек. Бұл тапсырманы да айрықша ұқыптылықпен орындап, атомдық сүңгуір кемеңіз ядролық жарылғышын таптық, – деді І.Бекембаев.

ЛЕНИНГРАДҚА САПАР

Ізтай Әбдіғапарұлы айтқан жауынгерлік тапсырманың бірі Ленинградқа сапар болатын. Оларға зауыттан жаңа кемеңіз әкелу тапсырылған. Кемеңіз әкелу үшін арнайы жасақ құрылған. Өйткені кемеңіз су жолы арқылы әкеліп, сынақтан өткізу керек еді.

– Қыста Фин шығанағы қатады екен. Содан Эстониядағы Таллин шығанағына баруға тура келді. Әскери кемеңіз сынақтан өткізіп жүргенде Балтық жағалауында он бір ай болды. Содан Жерорта теңізі арқылы Владивостокқа дейін су жолымен жүріп, әскери кемеңіз жан-жақты сынақтан өткіздік. Осы тапсырманы орындап біткен соң мерзімім аяқталып, ауылға қайттым, – деді кейіпкеріміз.

Ізтай ағамыз Степанов, Кайков, Сәрсенбеков деген командирлерінің болғанын да айтты. Осылардың ішіндегі Сәрсенбеков қазақ екен. Толық аты-жөнін Сәрсенбеков Виктор Әшімбекұлы деп айтқан кейіпкеріміз Ленинград сапарындағы командирінің осы кісі болғанын жеткізді.

P.S. Кейде айналамыздағы адамдарға мән бере бермейміз. Олардың ішіндегі сыры мен мұның да тыңдап әуре болмаймыз. Өйткені олар қарапайымдылығымен ерекшеленіп, елеусіз қалып жатады. Мақаламызға арқау болған Ізтай Бекембаев та қарапайымдылығымен елге танылған азамат. Бүгінде өмірлік жары Ләйла апай екеуі екі ұл, екі қыз өсіріп, солардан өрбіген немерелерді бағып отырған жайы бар. Біздікі оқырман қауым әскерде жүріп, арнайы тапсырмалар орындаған жаныңіз жауынгерлік жолымен таныссын деген ой ғана. Сол себепті де жеке өміріне, ғұмырлық жолына үйілген жоқпыз. Әйтпесе басқалар секілді бұл кісінің де тағдыры бір кітапқа жүк болатындай салмағы бар.

Әзіз БАТЫРБЕКОВ

Өркеніетке қол созған еліміз үшін экономикалық өсіммен қатар елдің рухани бай құндылықтарын да дамыту мәселесі қолға алынды. Заманауи жабықталған мәдениет ошақтары салынып, ел игілігіне берілді, түрлі бағдарлама негізінде елдің мәдени білімін тереңдету, ең бастысы ел дамуы үшін мәдениеттің де озық деңгейде дамуы қарастырылды. Осы орайда төскейінде берекенің қазаны қайнаған, босағасына бақ пен береке ұялаған, ақындық пен жыраулықтың ақ бесігі саналған қасиетті Сыр елінде де мәдениет пен өнерді дамыту саласында атқарылып жатқан игі істер – ұлттық дәстүрді дамыту, өнер мен мәдениеттің өмірмен өзгестігі бағамдау, өнерді өнеге тұтқан елдің рухани дүниесін байыту мақсаттарын көздейді. Рухани құндылық, яғни адами асқақ рух бар жерде кез келген тығырыстан шығуға болады. Өнері өркендеп, мәдениеті гүлденген рухы мықты елдің қашан да келешегі жарқын.

Өткен жылы Сыр өңірінің мәдениет саласында көптеген жағымды жаңалық болды. Биыл да осы үрдіс жалғасып, игі шаралар ұйымдастырылмақ. «Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, салт-дәстүрлерімізді насихаттау мақсатында халқымыздың жыл басы және жаңару айы – наурыздан бастап Сыр өңірінде былғы жылды «Руханият жылы» деп жариялаймыз» деді облыс әкімі облыстық мәслихат сессиясында. Соған орай, Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбековамен сұхбаттасуды жөн көрдік.



Мира ҚАЗБЕКОВА,
облыстық мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасының басшысы:

«РУХАНИЯТ ЖЫЛЫНДА» МӘДЕНИ ШАРА ҒАНА ЕМЕС, АУҚЫМДЫ ЖОБА ДА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

– Мира Жомартқызы, былтыр мәдениет саласында біраз жұмыс атқарылды. Жаңа орталықтар халық игілігіне берілді. Әңгімеңізді осыдан бастасак...

– Дұрыс айтасыз, былтыр облыста «Анаға тағзым» және «Отбасы» орталықтары мен 4 мәдени нысан пайдалануға берілді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жаңақорған ауданы Әбдіғаппар ауылындағы клубқа күрделі жөндеу жүргізілді.

Аймақ басшысының бастамасымен 1000 орындық «Өнер» орталығының құрылысы аяқталды, ол наурыз айында пайдалануға берілді деп отырмыз. Өткен жылы облыстың мәдениет мекемелерінде 18009 шара, 134 концерт, 361 спектакль өткізіліп, оған 1595254 адам қамтылды.

Облыс мәдениет үйлері мен клубтарда 937 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Облыс көлемінде жас таланттарды табу, өнер әлеміне жаңа есімдерді шығару мақсатында 2 халықаралық, 14 республикалық, 1 аймақтық және 98 облыстық байқау-фестиваль, жыр мүшәйралары, ақындар айтыстары ұйымдастырылды.

Республикамыздың өзге өңірлерінде және шет мемлекеттерде өткен 65 халықаралық, 100 республикалық конкурстарға 438 жеке орындаушы, 76 топтық ұжым қатысып, өнерпаздарымыз 125 бас жүлде, 458 жүлделі орынды иеленді.

Былтыр он жыл бұрынғы үрдіс жаңғырып, мәдениет саласын дамытуға үлес қосқан өнер және әдебиет өкілдеріне «Тұран» арнайы сыйлығы табысталды. Тұңғыш рет 50-ден аса кәсіби музыканттан жасақталған симфония оркестрі құрылды. Мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған Инклюзивті театр үйірме жұмысын бастады. Қалалық «Жастар театры» өз алдына кәсіби ұжым болып қайта құрылып, шығармашылығын халыққа ұсынды.

Өткен жылы желтоқсан айында елордада Астана қаласының 25 жылдығына орай Қызылорда облысының мәдениет және өнер күндері жоғары деңгейде өткізілді. Халық Сыр өнерпаздарының шығармашылығына ерекше ықыласын білдіріп, оң бағасын берді. Аймақ басшысының қолдауымен облыстың мәдениет саласындағы 13 маман Италия, Белоруссия елдерінде біліктілігін арттырды. Сонымен қатар облыс әкімінің демеуімен араға 17 жыл салып, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының Алматы қаласында гастрольдік сапары ұйымдастырылды.

Сырдың жас ақындарының Алматыдағы поэзия күндері өтті. Бабалар дәстүрін жаңғырту мақсатында «Қоныр әңгіме» жобасы іске асырылды. Облыстың 85 жылдығына орай тарихи деректердің көшірмесін алу мақсатында облыстық архив қызметкерлері Ресей Федерациясы Орынбор біріккен мемлекеттік ар-

хивінде зерделеу жұмыстарын жүргізді. XVIII-XIX ғасырлардағы облыс тарихына қатысты құжаттардың 2000-нан аса парақ көшірмесі алынды. Оған қоса Сыр өңірінде бірнеше жыл бойы жүргізілген археологиялық жұмыстардың нәтижесінде «Шірік Рабат сак жауынгері», «Сығанак хан-шайымы» реконструкциялары жасалды.

– Облыс әкімі биыл наурыздан бастап аймақта «Руханият жылы» жарияланатынын айтты. Осы тұрғыда жыл аясында қандай ауқымды жобалар, мәдени шаралар ұйымдастырылады?

– Соңғы екі жылда аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аймақ басшысы айтқандай, бұл игі іс жалғасын табады. Ал биыл Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланды. Ол наурыз айынан бастау алады.

Аталған жыл аясында тек мәдени-көпшілік шаралар ғана емес, ауқымды жобалар да жүзеге асырылады. Атап өтсек, 7 ауданда типтік үлгідегі «Руханият орталықтары» (архив, кітапхана, музей, неке кино залы, ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі, жастар орталығы) салынады, елді мекендерде мәдени-спорттық кешен ғимаратының жобасы әзірленуде.

Қызылорда қаласының сол жағалауынан тарихи-өлкетану музейінің құрылысы басталады. Сонымен қатар Әйтеке бидің 380 жылдығына арналған «Әділ сөздің алдаспаны» атты тұңғыш республикалық командалық айтыс өткізіледі деп жоспарлануда. Осы жылдың 17-19 сәуір күндері Алматы қаласында Қызылорда облысының өнер күндері өтеді. Ал 21 мамыр мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай «Тұран» облыстық шығармашылық фестивалін өткізу және облыс әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған арнайы «Тұран» сыйлығын табыстау, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рамазан Таймановтың шығармашылығына арналған «Сыр Ана» республикалық әншілер конкурсы, Байқоңыр қаласында мемлекеттік және ұлттық мерекелерді өткізу, Ұлттық домбыра күніне арналған республикалық күйшілер байқауы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мәдина Ералиеваның 70 жылдығына арналған «Ақбаян» республикалық әншілер конкурсы, «Қыпқаламда мәңгілік ел бейнесі» халықаралық суретшілер симпозиумы, дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында Астана қаласында өтетін «Көшпенділер ғаламы» этноауылында өнер ұжымдары мен жеке орындаушылардың концерті және облыс тарихына арналған көрме ұйымдастырылады.

«Түгіскен көсемі» және «Жетіасар ақсүйек әйелі» тарихи реконструкциялары жасалып, Ұлттық музейде Сыр өңірінің тарихи жәдігерлерінің бір апталық көрмесі өткізіледі деп көзделуде. Оған қоса облыстың мәдениет үйлері мен клубтарда «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы жобасы жүзеге асырылуда.

Айта кету керек, былтыр ақындыққа бейімі бар балаларды айтыс өнеріне баулу, шындау мақсатында өңірімізде тұңғыш рет «Айтыс олимпиадасы» облыстық балалар мен жасөспірімдер айтысы өткізілген болатын. Бұл бастама биыл да жалғасын табады. Осы жылы Қызылорда облыстық филармониясының өнер ұжымдарына және жеке орындаушыларға концерттік, ұлттық костюмдер тіктіріледі. Биыл да аймақ басшысының қолдауымен облыстық мәдениет ұйымдарындағы 25 маман Италия мемлекеті мен Алматы, Астана қалаларында шеберлік біліктіліктерін арттырады.

– Биыл облыста тағы да жаңа орталықтар халық игілігіне берілемекші. Осы жағын айтып өтсеңіз...

– Аймақ басшысының бастамасымен 1000 орындық «Өнер» орталығының құрылысы аяқталды. Бірақ ол наурыз айында пайдалануға беріледі. Аталған шараға елімізге белгілі өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысады деп жоспарлануда.

Биыл Қызылорда облыстық филармония жанынан «Жыраулар үйі» құрылды. Жыраулар үйінде «Сыр сүйелері» музейлік экспозициясы жасакталады. Жыршы-жыраулардың шығармашылық жыр кештері өткізіледі. Сыр сүйелерінің мұралары зерттеліп, насихаттауға мүмкіндік жасалады.

– Жалпы басқарма басшысы ретінде айтсаңыз, мәдениет саласындағы басты жаңалық қандай болмақ?

– Қазіргі таңда жаңадан қолға алынған «Адал адам мәдени-тәрбие беру» жобасы аясында облыс көлеміндегі 171 мәдениет үйі мен клубтардан креативті хабтар ашылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ «Анаға тағзым» орталығы креативті хаб бағытына қарай жұмыс істеуде. Өңірімізде креативті индустрияны дамыту мақсатында 19-23 ақпан аралығында «Брендке бір қадам» колонерші кәсіпкерлердің сауда көрмелері өткізілуде.

Облыстағы креативті индустрия өкілдерінің базасы жинақталып, креативтіктермен бас қосулар, талқылаулар ұйымдастырылуда. Оның жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің Қызылорда облысының 2024-2025 жылдарға арналған креативті индустриялар саласындағы іс-шаралар жоспары бекітілді.

Облыс бойынша шығармашылық креативті индустрияның 5 бағыты нақтыланды. Олар: креативті хабтар ашу, музейлер қызметі бойынша жергілікті қылқалам және колөнер шеберлерінің шығармашылығын дамыту, кітапхана қызметін, оқу залдарын және коворкинг орталықтарын пайдалану, жергілікті колөнер шеберлерінің бұйымдарын жасау, сату, көрме-жәрмеңкелерін ұйымдастыру, тарихи орындар мен ғимараттарға, көрікті жерлерге туристік қызмет көрсету бағыттары болмақ. Жалпы мәдениет саласындағы әрбір шаралар, жобалар жыл арқалы сайын елдің рухын көтеретіндей жаңашылдық бағытқа бет бұруы керек.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Театр – тәрбие бесігі. Көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Театр – хас сұлулық көз жасындай мөлдір өнер» деп баға беруі де тегін болмаса керек. Мәдениет пен руханият әлемін театрсыз елестету әсте мүмкін емес. Театр – өнерпаздарды бір шаңырақ астына біріктіріп, бір отбасындай жақындастыратын шаңырақ. Бүгінде театр ұжымы мәдениет пен әдебиеттің дамуына өзіндік үлес қосып келеді. Соның ішінде жас өнер иелері де бар.

Сахна қашанда киелі. Мұндағы өнер иелерінің еңбегін тамашалап келетіндер қатары күн санап артауда. Адамның жан дүниесін тыныштандырып, керемет сезімге бөлейтін театр ұжымының жұмысы ерен. Дәл осы күні театрдың шығармашылық ұжымы наурыз айында өтетін жаңа премьерға дайындық үстінде. Сол дайындық барысында театр ұжымына енді қосылса да бірнеше рөлді сомдап, көрермендердің көзіайымына айналып үлгерген қос жас Мұхамедияр Абсаттар мен Ақбота Есмұхамбетованы әңгімеге тарттық. Себебі олар – театрдағы жаңа леп, көрермендер үшін жаңа есім.

ТЕАТР ЖАСТАРЫ: МҰХАМЕДИЯР МЕН АҚБОТА

БАЛА КЕЗДЕН СПЕКТАКЛЬ КӨРЕРМЕНИ АТАНҒАН

ЕКЕУІНЕ ОРТАҚ СУРАҚ

Мұхамедияр Достиярұлы 2002 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келген. 2023 жылдың маусым айында Т.Жүргенов атындағы қазақ Ұлттық өнер академиясын бітірген. Былтырдан бастап Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында артист болып қызмет атқарады.

Театрға келгені Қ.Жүнісовтің «Love is...» комедиясында – Тұрсынбек, Д.Исабековтың «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасында – Ертай, Р.Отарбаевтің «Нарком Жүргенов» тарихи драмасында – Шукин, А.Елгезектің «Болмаған бала-лық шақ» драмасында – Тілеуқеш рөлдерін өз сомдап шықты.

– Негізгі бұлар еңбек жолындағы алғашқы қойлымдар. Алдағы уақытта әлі талай рөлді ойнап шығамын деп ойлаймын. Шынымы айтамын, мен актер болуды бала кезден армандалдым. Сол кезде мен осы театрға келіп, спектакльдерді жиі тамашалап жүретінмін. Бұл – арманымның бастауы. Сол мақсатқа жету үшін мен бала кезден дайындалдым.

Тоғызыншы сыныпты бітірген соң колледжде түсе алмай, он бірінші сыныпты аяқтап, Т.Жүргенов атындағы қазақ Ұлттық өнер академиясына актер мамандығын бойын-оқуға түстім. Қазір осы үлкен ұжымның арасында жүрмін. Сол аға буыннан әлі де үйренерім көп, – деді Мұхамедияр.



ҰЖЫМНЫҒ ЕН КІШКЕНТАЙЫ

Келесі жас актриса – Ақбота Фанықызы. Ол 2002 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2019 жылы Қазақ Ұлттық өнер академиясына түсіп, 2023 жылы «Драма театр және кино артисі» мамандығы бойынша бітірді. Өткен жылдан бастап, Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрына артист болып, жұмысқа орналасты.

Осы уақыт аралығында Р.Отарбаевтің «Нарком Жүргенов» тарихи драмасында – Дәмеш рөлінде, Қ.Жүнісовтің «Love is...» комедиясында – Қымбат, Т.Уфимцеваның «Ұйқыдағы ару» балалар қойлымында – Ханша, А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» психологиялық драмасында – Козлова, М.Сәрсекеннің «Тендерге түскен келіншек» драмасында – Айнагүл, И.Мечидің «Арыстан патша» балалар қойлымында – Нала және Зазу рөлдерін сомдады.

– Өнерге бала кезден қызыққанмын. Кішкентайымнан бастап ән айтып, қойлымдарға қатысып, өзімді жан-жақты көрсеткім келіп тұратын. Республикалық, халықаралық конкурстарға қатысып, жүлделі орындардың иегері де болдым. Сол марапаттың өзі мені одан сайын жігерлендіре түсті. Бойжетке келе актриса боламын деп шештім. Негізгі адам баласы мамандық таңдауда қателеспейуі керек. Мен қателескен жоқпын деп ойлаймын.

Қазір осы театрдағы ұжымның ең кішкентайымын. Ұжымым өзіме қатты ұнайды. Өзім кішкентай болғаннан ба, барлығынан қамқорлық байқалады, – деді Ақбота.

Әңгіме барысында театрдағы екі жас өнер иесіне ортақ сұрақ қойдық.

– Қандай жанрда ойнаған ұнайды?

Мұхамедиярдың жауабы: – Менің ойымша кез келген актер өзінің бойындағы қабілетті аша алатындай рөлді сомдағаны дұрыс. Сол кезде кейіпкердің келбеті сәтті шығады. Мысалы, өзіме драманы ойнаған ұнайды. Кей кездері комедия жанрын да ойнаймын.

Ақботаның жауабы: – Негізгі қойлымда басты рөлде ойнайтын кейіпкерлер кейде нәзік, талдырмаш болуы керек. Сол кезде маған сол рөлде ойнауға тура келеді. Мен өзімді барлық жанрда ойнап, өзімді сынап көруім қажет. Себебі мамандығым үшін көп нәрсе үйрене түсемін.

Бірақ соңғы кезде мен мынадай рөлді сомдағым келіп жүр. Ол өзіме қарама қарсы кейіпкер, яғни зұлым адамдар болады. Сол рөлді ойнап көрсем деген ойда жүрмін.

– Мақсаттарың қандай?

Мұхамедиярдың жауабы: – Мендегі мақсат – білімдімді одан әрі шыңдау. Яғни магистратура, докторантураны Чехия елінде оқысам деген ойым бар. Алдағы бір, екі жылдықтағы мақсатым осындай болып тұр. Осы кезде ағылшын тілін меңгеру үстіндемін. Білімдімді жетілдіріп, жаңа ізденіспен еліме қайта оралсам деп мақсат қойдым өзіме.

Ақботаның жауабы: – Бала кездегі арманы жеттім. Өнер жолында актриса болуды қаладым. Қазір еңбек жолым басталды. Ендігі мақсатым – туған жерімді, Қазақстанды әлемге танытатындай актриса болғым келеді.

– Жастардың театрға қызығушылығы қандай?

Мұхамедиярдың жауабы: – Мүмкін, ол жастардың кері көзқарасы бастапқыда болған шығар. Бірақ кейінгі кезде спектакль тамашалауға, театрға келуге жастардың қызығушылығы өте жақсы. Әр спектакльдің өз көрермені бар.

Ақботаның жауабы: –

Қазір әлеуметтік желі дамыған. Әр қойлымнан кейін байқағаным, көп жастар біздің парақшамызға тіркеліп, сураттарын қойып жатады. Жалпы өзім оқырмандарыммен байланыс орнатып отырамын. Арасында бізге сәттілік тілеп тұратын жас көрермендер де баршылық. Тіпті балалар да театрға келеді. Сондықтан жас көрермендерім көп.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Міне, екі жаңа есімнің жауаптары осылай өрбіді. Біз де сахнадағы жастарға сәттілік тіледік. Жалпы «Театр – тәрбие мектебі, театр – тәлім, рухани азық алар орда» деп жазушылар айтып кеткендей, театр көрінгенін ермегі емес, ол – үлкен еңбек. Мұны өз ісімен, бала кездегі арманын жүзеге асырып, дәлелдеп жүрген осындай жастардың бар екені бізді ерекше қуантты.

Бетті дайындаған
**АҚТОЛҒАН
НҰРЛЫБАЙ**



мен даусымды соларға естілетіндей көтеріп, қасымда отырған жігіттерге:
– Жігіттер, естідіңдер ме жаман ауру шығып жайпап келеді дейді ғой, – деп қатты алаңдаушылық білдірген жанашырдай елдедім.
– Не дейді, қандай ауру, – деп олар да селк ете қалды. Сол кезде мен: – Ол айтуға болмайтын жаман ауру екен. Әуелі Ресей жақтан бастап Еуропа арқылы келе жатса керек, бегі жаман дейді естугімше. КНБ-да немере інім істейтін, сол




ме, балалары ма немесе бауыры ма бәрібір. Ешкімді танымай қалатын көрінеді. Ресейде, Польшада, Францияда сондай ауруларды бастап ұстап жатыр дейді. Арманшыл құрдастың көзі бозара бастапты. Байғұстың мұрны салбырап кетіпті. Мұны көрген мен тіпті құтырттым.
– Халықаралық құпия ұйымдар бір-екі айда 55-ші жылғыларды жаппай қамауға алатын болып жатыр дейді.
– Ойпырмай, рас екен ғой, – деді қасымдағы жігіт, – интернеттен жақында көріп қалып едім, мектеп оқушыларын атып, көшедегі адамдарды пышақтап жатқандарды. Сол кезде құрдастың қасындағы кемпір оған:
– Сорлы-ай пенсияңды да көре алмайтын болдың-ау, – деп жаулығымен көзін сүртіп жатты. Сірә, көзінен жас шығып кетті-ау байғұстың. Қайтсін, бауыры болар анау мұрны салбыраған.
– Ол өшейін бер жағы, – дедім мен, көсіле шауып. – Көп ұзамай маскара сұмдық болайын деп тұр. Мұны естіген «болашақ зейнеткердің» түрі сұл-сұр боп қозғалақтап кетті, тура бір дәрет қысқанды. Әйтеуір вагонды сасытпаса болар еді, денесі де ірі екен өзінің.
Койшы, содан әлгі кемпірдің шыдамы таусылса керек, менің қасымда жетіп келі: – Әй, бала, қайдан естідің мына сөзді, біз естімедік қой – деді кемсендеп.
– Апа, газет оқымайсыздар, интернет ашпайсыздар, оның үстіне мұның бәрі өте құпия, – дедім. Сосын анау мұрны салбыраған інісіне қарап: – Құпия дедім саусағымды шошайттып.
– Менің 55-ші жылғы ағам бар еді, ертен Түркияға ма, Америкаға ма қаш демесем кейін кеш болатын түрі бар, – деп отқа май құйды қасымдағы жігіт.
– Болмайды дедім мен. Ондайларды енді шекарадан өтсе бірден атып тастайтын болыпты, не де болса туған жердің топырағында қалғаны дұрыс, ақыры бір өлім емес пе? Сол кезде:
– Әй бала, сен өзің қай жылғы едің, – деді кемсендеп бауырын жоқтауға дайындала бастаған әлгі кемпір.
– Апа, өкінішке қарай, мен де сол жылғы едім, кешеден бері біртүрлі мазам жоқ. Бағанадан бері жарылайын деп ерәң шыдап отырған қасымдағылар вагонды басына көтере ду күлкіге басты. Өзің сол керек, – деді әйелі құрдастың басынан қойып қалды.
– Әй, жүгірмек, сен екен ғой мазак қылып отырған, – деп кемпір мені желкемен қойып қалды. Ең бастысы, анау мұрны салбыраған құрдастың бетіне қан жүгіріп, адам қалпына келді. Қасыма жүгіріп келіп құшақтап, танысып, қалаға жеткенше қайта-қайта шай беріп, маз мейрам боп қалды. Қошғасарда мен оған:
– Құрда, пенсияңды қорықпай есептете бер, деп сау болсын, – дедім.
– Шынында, қатты қорқыттың ғой, құрда, – деді ол кеңілдей күліп.

Құлманның кемпесі

55-інші жылғылар

Маған құдай құрдастарды бере салған ғой. Дені сау болсайшы. Бірі кержалқау, бірі сұайт өтірікші. Кейде сол жылы бір дені сау адам өмірге келмеген сияқты көрінеді маған. Рас ішінде бірлі-жарым нысабы бар, аздап ұяты бар, сәл-пәл дені саулары болатын. Қайсыбірін айта берейін. Ең бастысы, сол құрдастарды кейде сағынсаң, құрдас дегеннің ұнайтын жері, оларға не десең де жарасалы, қалай қалжыңдассаң да ренжімейді. Содан болар, мен құрдас көрсем сөйлесіп, қағытып, қалжыңдап ойнағым келіп тұрады. Ол таныс па, таныс емес пе бәрібір.



айтты кеше астыртын. Тек 1955 жылдағылар ғана шалдыққан екен. Қасымдағыларға білдірмей көз қысып қойдым. Ал анау арманшыл құрдас пен қасындағы әйелдер әңгі-мелерін сап тыйып маған мұқият құлақ салып қимылсыз қалды. Оларға менің мына хабарым Қыз Жібек фильміндегі «жау шарты, жау Алтайдан өтті» деп өзеннен өтіп келген жаушының даусындай әсер еткен болуы керек, тым албырап қалды. Осы сәтті ұтымды пайдалану үшін мен бірден желе жорттым.
– Айтуға болмайтын себебі, – дедім мен, – бұл ауру адамзатқа қауіпті көрінеді. Бір жақсысы әйтеуір тек 55-ші жылғылар құриды екен.
– Неген шыққан ауру ол, неге тек 55-ші жылғылар ғана құриды, – деді қасымдағы жігіттің бірі.
– Ол былай екен, – дедім мен ғылыми дәлелге сүйенген ғалымдай ыңыраана сөйлеп.
– 1954 жылы Совет Одағында сутегі бомбасын сынақтан өткізу үшін жарған, оқыған шығарсындар. Оның күші тіптен жойқын болған. Салыстырмалы түрде айтсақ, біздің Семей мен Жапониядағы жарылған атом бомбалары оның қасында баланың ойыншығы сияқты екен. Соны бір қош деп қойындар, – дедім.
– Ал, қош дейік, – деді қасымдағы жігіт.
– Ендеше, – дедім – мен келесі 1955 жылы өмірге келгендердің денесінде әлгі жойқын бомбаның атомдары қалай ма?! Бірақ тек сол бірінші бомбада ғана болған, ал одан кейінгілерінде зардап жоқ екен.
– Оған да шүкір, – деді қасымдағы жігіт.
– Мен де соны айтсам, адамзат тегіс қырылмай тек бір жылдың төлдері ғана кетеді ғой. Байқаймын, пенсияны армандаған құрдастардың берекесі кете бастады.
– Сонда ол аурудың белгісі қандай болады екен, – деді қасымдағы екінші жігіт. Мен шоқыта жөнелдім.
– Ол психологиялық ауру екен. Ауырған адам қараптан қарап тұрып қасындағы адамдарды өлтіре береді дейді. Ол әке-шеше

Бірде пойызда келе жатып көрші плацкартта отырған бір ер кісі менің әйел кісінің сөздерін құлағым шалып қалды. Байқағаным, әлгі ер адам үш-төрт айда пенсияға шықпақ боп дайындалып жүр екен. Демек, менімен құрдас. Әңгіменің төркіні тек пенсия жайында көрінді.
– Шіркін, тезірек пенсияға шығып алсаң екен. Үйде жатып ақша алсаң қандай рахат, – деп тамсанып қояды. Арасында біресе қанша пенсия шығатынын, оның аздау болатынын, біресе әлі шықпаған пенсияны қашан көбітетінін айтып, сарыуайымға түсіп келе жатыр, бағыс.
– Тіпті жұмыс істегім келмейді, – деді бір кезде батырлық қасындағы әйелге қарап.
– Сен бұрын да көгергіп жұмыс істегенің шамалы еді ғой, – деді ол. Шамасы – әйел-ау. Екінші қартаңдау әйел үлкен апасы болса керек. Пенсияны айтқан сайын қазы-карта көргендей сілсекей шұбырып, көзі шапыраштанып, тіпті кейде дәу мұрны пышылдап, ыңырыс кетеді екен. Табегі жаман емес сияқты. Ақыры жол ұзақ, осы құрдасты бір қорқытып, пенсияға деген мына табетін желкесінен шығарғым келді.
Ол пенсия көзіне елестеп, дәу мұрны пышылдап, кезекті бір ыңырып жатқанда

2010-шы жыл. Базарға барсақ үлкендер «дуалайтындар ұрпап кетеді» деп қорқытып, қолымызды тас қылып ұстап алатын кез. Одан бөлек кешкілік балалармен аулада жиналып отырғанда дуа туралы қорқынышты оқиғалар айту «тренд» еді. Жәкөндер мен шәкөндер жайлы болған-болмаған жайттарға қанықпыз. Сондай күндердің бірінде аяқастынан дуа қайтаратын қасиетке не болдым.

Ойымда ешнәрсе жоқ. Ми қайнатар ыстықта, көбі көленкеде демалып отыр. Шақырайған шаңқай түсте асыр салып ойнап жүрген біз ғана. Мен және Бекзат деген досым. Нақты не ойнап жүргеніміз есімде жоқ. Бірақ аяқастынан бірден көргендей Бекзат атып тұрып, жүгіріп кетті. Не болғанын түсінбей қалған мен ізінен ермей, ақтарылып тұрған күйі қалдым. Бір кезде қайтты да аяқастынан жүргісі келіп кеткенін айтып, мен оған мән бермей ойынмызды жалғастырып кеттім.

Шамамен жарты сағаттан кейін демалып алайық деген оймен қарағайдың түбіне жайғастық. «Саған бірдеңе айтсам, ешкімге айтпайсың ба?» – деді досым. Жалпы бала кезде осындай сұрақтан кейін «Жоқ, менің аузымда сөз тұрмайды, ештеңе айтпай-ақ қойғаның дұрыс», – деген бірде-бір ойын баласын көрген жоқпын. Оның орнына түкіріп тастайтыныңды біліп, аузына ант-судың неше түрлісін айтасың. «Айта бер, ешкімге айтпаймын, қорықпа», – дедім. Бұл менің шынымен ешкімге айтпай, досымның сырын іште сақтаған ең бірінші кезім болуы да мүмкін. Бірақ бұл жолғысы шынымен айтпайтындай нәрсе екен.

Отырған орнынан атып тұрып, қарсы алдыма тұрып: «Мен бағана жүгіріп кеткенде мынаны тауып алдым», – деген Бекзат қып-



ДУА ҚАЙТАРАМЫН

қызыл ақшаны көрсетті. Кәдімгі как ортасында Бәйтерек пен төменгі жағында НӨН-нің алақаны бар 5000 теңге. Ақшаны көріп, аузым ашылып қалды. Көрсетші деп мазасын алған соң досым да ашып көрсетуге бел буды. Міне, осы жолда менің періште жүрегім алтын көрмесе де теңге үшін тура жолдан 180 градусқа бұрылып, тайып кетті. «Әй, мынау дуаланған ақша. Әне, шеті жұртылған. Бітті өлесін», – деймін. Бұрындары мұндай аңғалдығын байқамасам да досымның көзінен шопшы кеткенін байқап тұрмын. Әрі қарай өз сөзіме өзім сеніп қалардай дуа туралы тап бір диуанаша айтып беріп жатырмын.

«Мен сені емдей аламын. Бұл ақшаны адам аяғы баспайтын жерге көміп қою керек», – дедім де, дәл біз отырған ағаштың түбін нұсқалдым. Досым болса ойланбастан жерден үшкір таяқ тауып алып, қаза бастады. «Көмектессеңші», – дегеніне қара жұмысқа көңіл қошым болмай тұрғандықтан «дуаланған» мен емес ол екенін айтып, қара жұмысты өзіне істеттім. Жер қазылып болғанда ақша лас болып қалмас үшін «Ана қоланың бөтелкесіне салу керек», – деймін. Суланып қалмасын деген оймен «Ішін жақсылап құрғат, артық ештеңе болмасын», – деп қоямын. Неге екенін білмесем де «Дуа, кет» деп

МӘНІ ӨЗГЕРГЕН МӘТЕЛДЕР

Жібекті түте алмаған жүн етеді, Жұмысының жұмсай алмаған – құл етеді.

Жаман еркек қатынға тоймас, Жаман басын қадраға тоймас.

Ауа-буға Ақша-уға Адам-қуға айналмаса екен.

Қазір бит те, ит те пұл.

Сабының да сары алтын, Сата бірден бәрі алтын.

Жарықтың шегі болмайды, Нәпсінің емі болмайды.

Книетін соңғы кебін де, Түспейді қазір тегінге.

Ақша не дегізбейді, Аштық не жетізбейді.

Біреуге байлық қайғы, Біреуге айлық қайғы.

ЖАП-ЖАҢА ЖАҢЫЛТПАШТАР

Бизнесті бұйдалайын десем, Бұйдалай алмадым. Шудалайын десем, Шудалай алмадым.

Аран деген албасты, Алтын көріп жармасты... Араздасып арменен, Арпалысып арбасты... Арбасу ұзақ жалғасты...

СИҚЫ ӨЗГЕРГЕН СЫЙЛАСТЫҚ

«Вышка» болсаң, Жорға қатынайды. «Шишка» болсаң, Дорба қатынайды. Жарлы болсаң зорға қатынайды.

Шыж-быж көп болса, «Бес» деген баға аласың.

Сіз-бізін көп болса, Сұай болып саналасың.

Ісі түсетін кісімен ыржып амандасалы, Ісі түспейтінмен тыржып амандасалы.

«Таксырмен» тұрып сөйлесесі, Жай кісімен жүріп сөйлесесі.

Иә, бұның бәрі өмірдің өзінен алынған.



БИБІМНІҢ БҰЙРЫҒЫ

Қазіргі «Алтын балық» ертегісі

– Ау, байым-ау! Бар ма өзінде жігер, намыс? Тап тезірек қыруар табыс! Бәрі түгел байып жатыр, Көрші-қолаң, тамыр-таным... Баю керек жұрттан қалма, Кет! Үйден шық, балық аула. Қармақ құрып, ауыңды сап, Түрлі балық түсер ауға. Інінсе егер алтын балық, Құлап қалма естен танып, Мінетін «Джип», миллион доллар,

Әкел үйге сұрап алып, Әкелмесен үйге кірме! Жерді басып тірі жүрме! Болмаса егер бұл тілегім, Сен менімен өмір сүрме! Дөп әйелім құды үйден, Маза кетті көңіл-күйден... Оң салардан бере көр,

Қош айтысып шықтың үйден. Бұл Бибімнің мінезі анық, Ұстау керек алтын балық. «Жетікөл» мен «Телікөлге», Жүрдім-ау мен қармақ салып... Айлап емес, жылдап жүрдім, Бір түсерін болжап білдім, Сәрсенбіде сәті түсіп, Сол балықты аумен ілдім. Тілегімді Құдай берді, Оңғара көр ісімді енді. Судан шығып сәлем беріп, Алтын балық былай делі:



«Жұрт қатарлы күйбең тірлік», Міне, осылай өтіп жатыр... Сонда да Бибім құды үйден, Бұзалаңып ашу-қүймен. Миллион мен «Джипті» мініп, Орал деген сондай сыймен. Алтын балық: – Тұрмысың жүдеу емес тым, Байқаймын, кедей емессің. Байған сайын «жылама», Қомағай деген жаман ат, Болғаны жөн-ау қанағат, Қас-қағымда күй тайып, Болуың мүмкін қарабақ, – Делі балық қолынан, Суға түсіп жоқ болды. Айтқан сөзі жаныман, Дәлдеп тиген «оқ» болды.

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ

Меншік ісін: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы **Марат АРАЛБАЕВ** Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор **Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021) **Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірмен сертификатталған. Алтасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескерілген. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖПС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. **Таралымы 2973 Тапсырған №313** Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолы НҮРЛЫБАЙ